

**БАЛАЛЫҚ ШАҚТАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ТРАВМАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ(ФРЕЙД, К.Г.ЮНГ,  
Ш.ФЕРЕНЦИ, М.МЮРРЕЙ ЖӘНЕ Т.Б)**

**Меделова Айзада Асхатқызы**

[aizmedelova@mail.ru](mailto:aizmedelova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультеті 4 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Т.Сулейменова

Балалық шақтағы психикалық травма мәселесі соңғы ондаған жылдар бойы ең өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Бұл тақырыпты зерттеу психологиялық теория мен практиканың қажеттіліктеріне байланысты, өйткені адам өмірі көптеген биологиялық және психологиялық травматикалық тәжірибелерді қамтиды. Қиын өмірлік жағдайлар бала

өмірінің бақытты болып көрінетін кезеңінде - балалық шақта да болады. Бұл жағдайлар зорлық-зомбылық жағдайлары, өміріндегі маңызды адамдарды жоғалту, ауру мен физикалық жарақат салдарынан қалыпты функцияларды жоғалту, мейірімсіздік және ата-аналардың эмоционалды қабылдамауы.

Әр түрлі теориялық бағыттың өкілдері психикалық травмалардың баланың жеке тұлғалық жетілуіне және психикасының одан әрі дамуына патогендік әсерін тигізеді деп қарастырады. Алайда, балалық шақтағы психикалық травма мәселесінің маңыздылығы мен өзектілігіне қарамастан, бұл бағытта теориялық және зерттеу негізі жоқ.

«Травма» терминін З. Фрейд медицинадан алған, ол грек тілінен аударғанда «жарақат», «зақым», «зорлық-зомбылықтың нәтижесі» дегенді білдіреді. Бұл тұжырымдаманы ала отырып, психоанализ оны психологиялық деңгейге көтерді. Адам үшін қатты соққы, зақым және оның салдарымен байланысты үш негізгі мәселе анықталды. Психоанализ дамып келе жатқан кезеңде травма теориясы Фрейдтің невроздың себебін түсіндіре алатын

жалғыз негізгі теориясы болды. Бастапқыда Фрейд балалардың травма алуының себебі жыныстық зорлық-зомбылық деп санады. Себебі, Фрейдтің алғашқы пациенттері тек осы себеппен келген болатын. Жағымсыз әрі ауыр оқиғалар ығысып, олармен байланысты аффекттер дамып, салдарлары төзімсіз жағдайға жетеді және нәтижесінде невротикалық бұзылулар пайда болады.

**Фрейдтің ілімі** психикалық травманы зерттеудің жаңа тәсілдерінің қалыптасуына әсер етті. Фрейдтің шәкірттері Ш.Ференци мен Г.Зиммель анықтаған травманы фиксациялау тұжырымдамасы қазіргі заманғы посттравматикалық стресстік бұзылудың негізі болып қалыптасты.

Психикалық травма мәселесі **К.Г.Юнг** негізін қалаған аналитикалық психологияда да зерттелді. Оның көзқарасы бойынша, «Эго» функцияларының бұзылуы тек жыныстық травмадан ғана емес, барлық трагедиялардан, адам өмірінің әрқайсысы ерекше сипаттағы барлық қиындықтарынан туындайды. Юнг Фрейд секілді невроздардың себебіне байланысты әмбебап кешенді табуға тырысты, бірақ оның жеке зерттеулері оны травманың көптігін түсінуге, травма туралы көптеген жеке әңгімелер мен қиялдардың бар екендігі туралы ойға алып келді. Юнг әрдайым психикалық травма өмір бойы өтетін аффективтіліктің бұзылуына әкеледі деп санады. Мен Юнгтің травманың баланың дамып келе жатқан психикасына әсері туралы көзқарасын ерекше атап өткім келеді. Юнг травманың нәтижесінде психиканың ажырап қалған бөліктері деп атаған сананың бөлінуі орын алады деп есептеді. Эго-ның бір бөлігінің нәрестелік кезеңге регрессиясы және сонымен бірге Эго-ның басқа бір бөлігінің прогрессиясы, яғни сыртқы әлемге ерте бейімделу қабілетіне ықпал ететін тым тез ержетуге әкеледі. Нәтижесінде адам тек өзін-өзі сақтау үшін өмір сүреді, көбінесе шындықтан оқшауланады, депрессияға немесе аддиктивті мінез-құлыққа бейім болады.

Психикалық травма қазіргі психоанализдің, нақтырақ айтқанда, объектілік қатынастар теориясының аясында да қарастырылады.

Объектілік қатынастар тұжырымдамасы бір ортақ нүктесі бар әртүрлі мектептер мен бағыттардың өте кең теориялық ауқымын қамтиды: олар объектімен қарым-қатынасты баланың психикалық өміріндегі басты рөлге жатқызады.

Психоанализдегі осы жаңа бағыт **Р.Спицтің** госпитализм теориясына және **Дж.Боулбидің** күштарлық теориясына негізделген. Балаларды депривация жағдайында зерттей отырып, олар ананың бала өмірінде болмауы балалардың дамуында қайтымсыз салдарларға әкеледі деген қорытындыға келді: махаббат объектісінің жоғалуы психосоматикалық аурулардың

қоздырғыш механизмі болып табылады және ағзадағы биологиялық реттеу процестерін бұзады.

Қазіргі психоанализдің келесі бағыты аналық күтім мен оның сапасын және оның баланың ерте эмоционалды дамуы үшін маңыздылығын зерттеу болды. **М.Кляйн, М. Малер, Х. Когут, О. Кернберг, Д. В. Винникотт** балалар мен ересектерді ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты және осы қатынастардың динамикасын тікелей бақылау арқылы зерттеді. Зерттеу нәтижесінде, аналық қарым-қатынас пен мінез-құлықтың баланың психикалық даму процесіне ықпал ететін немесе оның қызметін бұзатын ерекшеліктері және олардың ұзақ мерзімді салдарлары анықталды.

**О. Кернбергінің** пікірінше, мұндай салдарлар диффузиялық бірегейлікте, құлазушылық және мағынасыздық сезімінде, депрессия мен қайғыда, басқаларға байланысты және тым жоғары идеалдарда көрінетін шекаралық және нарцисстік тұлғалық бұзылулар болуы мүмкін.

Венгриялық психоаналитик **Ш.Ференци** де балалық шақтағы қарым-қатынастың бұзылуы бала үшін травма болып қалыптасып, тұлғаның нарцисстік бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін деп санайды. Оның пікірінше, бала өзі төзе алмайтын объектілік қатынастар әсерінен нарциссизмге ұшырайды. Әлеуметтік орта тарапынан қабылданбаған бала, қалаған нәрсесіне қол жеткізе алатын өзі үшін басқа әлем жасауға тырысады. Және де ол ата-анасы тарапынан жақсы көрілмеген болса, өзінің махаббатқа мұқтаж жағының бостығын толтыруға тырысады.

**Д. В. Винникотттың** теориясына сәйкес, баланы белгілі бір жағдайларда, ата-анасының үміттеріне сәйкес келсе және олардың талаптарын орындаса ғана жақсы көретін ата-ананың адекватты емес рөлімен байланысты травматикалық жағдайлар «жалған Мен»-нің қалыптасуына әкеледі.

**М. Мюррейдің** травманың терапевтік моделінің қазіргі теориялық тұжырымдамасы да психоаналитикалық дәстүрге негізделген. Оның теориясының негізгі ережелері баланың дамуында маңызды өмірлік қажеттіліктер декларациясында келтірілген баланың қауіпсіздігі, қорғалуы және тұрақтылық қажеттілігі. Бұл қажеттіліктердің қанағаттануы баланың өз сезімдерін түсінуге және білдіруге қабілетті, оған тән қабілеттер мен бейімділіктермен «табиғи баланың» қалыптасуына ықпал етеді.

Психологиялық травмалар, депривация және зорлық-зомбылық бала төзе алмайтын психикалық ауруды тудырады. Бала өсе келе, мұндай ауырсыну сезімдерін басу үшін өзін қорғауға тырысып, келесі механизмдерді қолданады; анестезия (шектен тыс тамақтану, алкоголь, темекі, есірткі және т.б. арқылы) және алаңдататын әдістер (басқа адамдармен қарым-қатынас, жұмыс, компьютер және т. б.). Бұл тәсілдер психологиялық травманың әсеріназайту үшін уақытша ауруды болдырмауды қамтамасыз ететін қорғаныс механизмдері болып табылады. Уақыт өте келе, ауырсынды болдырмаудың бұл әдістері тәуелділікке айналады. Басылған ауырсыну сезімдері мен қорғаныс механизмдері агрессияның күшті потенциалын өндіруге ықпал етеді. Осылайша, «табиғи баланың» дамуы тежеліп, адам өмірді қабылдау, одан ләззат алу және қуану қабілетін жоғалтады.

Психикалық травма теориясы **Г.Сельенің** стресс теориясы аясында да дамыды. Ғалым психикалық травманы стресс-реакцияның ерекше түрі ретінде қарастырды. Осы тұжырымдамаға сәйкес, травматикалық стресс стресстік фактор қарқынды дамыған кезде және ұзақ уақытқа созылып, адамға мүмкіндіктерді шамадан тыс жүктеген кезде физиологиялық және психологиялық травмаға әкеледі. Бұл жағдайда басты акцент күші мен ұзақтығы бойынша баланың тәжірибесі мен мүмкіндіктерінен асып түсетін

және стресстің клиникалық түрлерін тудыруы мүмкін травматикалық оқиғаға келіп тіреледі. Бұндай травматикалық оқиғалар әдетте посттравматикалық стресстің бұзылу категориясымен байланысты болып келеді.

Әйгілі американдық ғалым және психотерапевт **П.Левиннің** теориясы бойынша психикалық травма соғыс, зорлық-зомбылық, эмоционалды, физикалық және жыныстық зорлық-зомбылық, депривация, жазатайым оқиғалар немесе табиғи және техногендік апаттар сияқты оқиғалардан туындауы мүмкін. Оның травма пен травмадан кейінгі стресстің бұзылуын түсінуге деген көзқарасын интегративті деп санауға болады, өйткені автор гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын кеңінен қолданады және биология,

нейрофизиология, нейропсихология және иммунология саласындағы білімге сүйенеді. П.Левин психикалық травманы табиғи құбылыс ретінде қарастырады және травманың физиологиялық және биологиялық механизмдерін сипаттайды. Ғалымның пікірінше травма психикалық патологиядан гөрі табиғи психобиологиялық процестердің бұзылуының нәтижесі болып саналады және оны емдеуге болады. Левиннің тұжырымдамасына сәйкес, психикалық травма ағзаның травматикалық оқиғаға және қашу, күресу, үрейден қалшып қатып қалу реакцияларына аяқталмаған инстинктивті реакциясы нәтижесінде пайда болады. Травма механизмдерін түсіну энергияның жиналып қалуы нәтижесінде пайда болатын травматикалық белгілердің табиғатын түсіндіреді. Мидың қыртыс асты бөліктеріндегі қозудың жоғарылауы обсессивті естеліктер мен травматикалық оқиға туралы ойлар пайда болуына, сонымен қатар ұқсас жағдайлардан, әңгімелерден, онымен байланысты адамдардан аулақ болуға ықпал етеді. Қозу концентрацияның бұзылуы, ашушандық және ұйқының бұзылуы сияқты спецификалық емес көріністерде де байқалады. Мұның бәрі психикалық және әлеуметтік қызметтің жалпы бұзылуының салдары болуы мүмкін. Осы мәселелерді шешуге бағытталған терапияларда, Левиннің пікірінше, травматикалық реакцияны аяқтап, қалған энергияны жандандырып, бұзылған процестерді қалпына келтіру керек.

Балалық шақтағы психикалық травма мәселесіне арналған әдебиеттерге қысқаша шолу жасай отырып, мен бұл құбылыстың жеткілікті күрделілігі мен көпқырлылығын және бүгінгі күні оны түсінуде бірыңғай тәсілдің жоқтығын атап өткім келеді. Сонымен, классикалық психоанализ және оның қазіргі даму тұжырымдамалары психикалық травманы адамның балалық шағында бастан кешкен, көбінесе ересектермен сәтсіз қарым-қатынас болуымен және өмірлік қажеттіліктердің қанағаттанбауымен байланысты аффективті әрі ауыр тәжірибе ретінде қарастырады. Ерте кездегі травма кішкентай балада эмоционалды уайым болмауы мүмкін, бірақ кейінірек сол травмамен байланысты жағдайлар «қайталана» бастағанда баланың ересек өмірде жеке тұлғалық қалыптасуына әсер етеді.

Табиғи-ғылыми көзқарастың өкілдері психикалық травманы адамның өміріне қауіп төндіретін, оның мүмкіндіктерінен асып түсетін және адам басқара алмайтын және адекватты реакция көрсете алмайтын оқиғаларға жауап ретінде қарастырады. Травманың жағымсыз салдарлары соматикалық, психофизиологиялық, психологиялық және әлеуметтік-психологиялық бейімделу механизмдерінің бұзылуын тудырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сафонова А, Николаева Е. Детская психическая травма как отзвук социальных потрясений/Общество с ограниченной ответственностью: «Учитель», Волгоград, научный журнал, 2010

2. <https://cyberleninka.ru/article/n/aspekty-psihoterapevticheskoy-pomoschi-detyamperezhivshim-tyazheluyu-psihologicheskuyu-travmu>

3. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-psihicheskoy-travme-v-detskom-vozhraste>